

«Cherries jubilee» бір тіркес болып аударылудың орнына жеке лексема ретінде берілгендіктен, Google Translate автоматты аудармасы толық сөйлем ретінде ұйқаспай, коммуникация жағдаятын ғана емес, коммуникативті мақсатты да сауатты жеткізе алмай тұр. Құрбандық үстелі altar лексеманың сөздіктегі алғашқы анықтамасы арқылы аударылғанымен, қазақ тілінің нормалық ережелерін сақтайды. Алайда шараптың дақ ретіндегі коннотациясы жоғалып кетіп, машиналық аударма қысқа мәтіннің мәніне әле де жетпей тұр. Келесі сөйлем бұйрық райда тұрып, сөзбе-сөз аудармада орындалғанда барабар нұсқа берер еді, бірақ тілдік модель америкалық ағылшын тілінде «сода қосылған судың» атауы болып табылатын «club soda» [6] тіркесін тағы да бөлек лексема болып аудармады. Аударманың соңғы сөйлемді эквиваленттіліктің үшінші деңгейіне жатқызуға болар еді, бірақ «әдемі жұмыс істеу» сөздер тізбегі қазақ тілінде тіркес ретінде қолданылмайды.

Тілдік модельдің Марков қағидаты қазақ тілінен ағылшын тіліне автоматты аударма жасауда өзінің толық әлеуетін аша алмады. Бұл машиналық аудармадағы осы тілдердегі базаның толықсыздығын, жасанды сананың мәтінді аударма қажет ететін аудармашылық эквиваленттіліктің типін таңдай алмауын және бір мәдениеттің баламасыз лексикасын танымайтынын көрсетеді. Біз машиналық аударма сапасын көтеру үшін қазақ тіліндегі мәтін, тіркес пен сөздер базасын толықтырып, Google Translate жасанды санасына кеңейтілген ақпарат көлеміне бейімделуге уақыт беруді жөн көреміз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Жұбанов А.Қ. Компьютерлік лингвистикаға кіріспе : оқу құралы / А.Қ. Жұбанов. - 2-бас. - Алматы : КИЕ, 2013. – 204 б.
2. Jurafsky D., Martin J.H. Speech and Language Processing. An Introduction to Natural Language Processing, Computational Linguistics, and Speech Recognition. Draft of December 30, 2020.
3. Koehn P. Neural Machine Translation. Cambridge: Cambridge University Press, 2020. — 408 p.
4. Аударма теориясы мен практикасының негіздері [Text] : оқулық / Әбішева, Клара Мухамедиярқызы, Рахымжанов, Қанат Хисмәтұлы; ҚР Білім және ғылым министрлігі ; "Тұран-Астана" университеті ; Қазіргі лингвистикалық білім - Астана : [б. ж.], 2011 . - 242 б.
5. Pinker, Steven, 1954-. The language instinct / [Steven Pinker], p. cm. Originally published: New York : W. Morrow and Co., c1994
6. <https://www.collinsdictionary.com> 26.03.2022
7. <https://www.merriam-webster.com> 26.03.2022
8. В. А. Нуриев, Архитектура системы нейронного машинного перевода, Информ. и её примен., 2019, том 13, выпуск 3, 90–96. <https://doi.org/10.14357/19922264190313>
9. <https://translate.google.com> 01.06.2021

ӨОЖ 16.21.21

#### **ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕРДІҢ ТІЛАРАЛЫҚ БЕРІЛУ ТЕХНИКАСЫ (ТОМИРИС КИНОФИЛЬМІ НЕГІЗІНДЕ)**

**Тынымбаева Аружан Мұратқызы**

[arukinaa@bk.ru](mailto:arukinaa@bk.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының магистранты Ғылыми жетекшісі ф.ғ.д., доцент Кызырова А.М.

Көптеген аудару теориясы және практикасы көздерінің мәліметтерін жүйелеген кезде ғалымдар оним сөздерді аударудың келесі негізгі тәсілдерін ұсынады. Олар: транслитерация, транскрипция және калькалау.

Транслитерация, транскрипция. Транслитерацияда аударылатын тіл құралдарымен бастапқы тіл сөзінің графикалық формасы, ал транскрипцияда оның дыбыстық формасы беріледі. Бұл тәсілдер шет тілдік жалқы есімдерді, географиялық атауларды, әптүрлі компаниялар, фирмалар, пароходтар, газет, журналдар және т.б. атауларын бергенде қолданылады.

Калька дегеніміз – белгілі бір сөз тіркесінің, сөйлемнің, түрлі фразеологизмдердің, ғылыми формулалар мен анықтамалардың бір тілден екінші тілге аударылған дәл көшірмесі, басқаша айтқанда түпнұсқа нысанының екінші тілде сөзбе- сөз қайталануы. [1:187]

Доместикация – аударма стратегиясының бірі. Бұл стратегия бойынша аудармашы аударманы қабылдаушы мәдениетке барынша жақындатуға тырысады.

Форенизациялау – доместикация стратегиясына қарама-қарсы аударма стратегиясы. Бұл стратегия бойынша қабылдаушы мәдениетке қарама-қарсы келсе де, аудармашының түпнұсқа ерекшелігін барынша сақтап аудару.

Қазіргі таңда қазақ кино жанрының жаңа белеске шығып дамуына байланысты аса зор сұранысқа ие болуда. Ұлттық кинофильмдердің мазмұнындағы басты категорияның бірі ұлттық реалия бірліктер екендігі белгілі. Соның бірі - жалқы есімдер. Ізденіс жұмысымыздың мақсаты – кинофильм тілінде кездесетін жалқы есімдердің лексика тақырыптық топтарды ажыратып және олардың тіларалық берілу техникасын қарастыру. [2:78]

Оним (онома, тиісті атау) – белгілі бір нысанды өзге нысандардан ажыратуға қызмет ететін тілдік-әлеуметтік категория. Жалқы есімдерді жіктеудің түрлі факторлары болуы мүмкін. Ономаст ғалымдар – А.В. Суперанская жалқы есімдерді үш үлкен топты бөліп жіктейді:

Тірі заттардың атаулары;

Жансыз заттардың атаулары;

Кешенді объектілердің атаулары.

Аталған категорияларды автор мынадай ішкі микроразрядтарға бөліп қарастырады:

тірі және тірі деп қабылданатын тіршілік иелерінің есімдері:

антропонимдер-адамның жеке аты;

зоонимдер-жануарлардың атаулары;

мифонимдер-мифтердегі, эпостардағы, ертегілердегі, эпостардағы ономастикалық кеңістіктің кез-келген саласының атауы;

жансыз заттардың атаулары:

топонимдер-елді мекендердің атаулары;

космонимдер мен астронимдер-ғарыш объектілерінің атаулары;

фитонимдер-өсімдіктердің атаулары;

Кешенді нысандар атаулары:

кәсіпорындардың, мекемелердің атаулары;

хрононимдер-тарихи маңызды уақыттың атауы;

мерекелердің, мерейтойлардың, салтанаттардың атаулары; іс-шаралардың, соғыстардың атаулары;

әдебиет шығармаларының атаулары;

табиғи апаттардың атаулары;

Томирис кинофильмдегі жалқы есімдердің көрінісін арнайы қарастырғанда жоғарыдағы жалқы есімдер категорияларының дені кездесетінін байқадық. Сол себепті кинофильмдегі жалқы есімдердің лексика-тақырыптық тобын шартты түрде тірі, жансыз және күрделі кездеседі. [3]

Осы жұмыс аясында онимдерді аудару әдістерінің келесі жіктелуі қабылданады:

Транскрипция  
Транслитерация  
Калькалау

Кесте-1

Онимдердің қазақ тілінде берілуі			
	Тірі заттардың атаулары	Жансыз заттардың атаулары	Кешенді объектілердің атаулары
	Томирис	Сақтар	Дала
	Әбу Насыр әл-Фараби	Массагет	Каспий теңізі
	Геродот	Хорезм	Алтай Таулары
	Кир	Рейд	Акибат жерлері
	Спарғап	Тиграхауда	Ақ күм алқабы
	Бопай	Савромат	Вавилон
	Палақ	Ханшайым	Парсы
	Каваз	Бактрия	
	Құртын	Падишаһ	
	Харасп	Акибаттар	
	Тарғытай	Тәңір	
	Сардана		
	Тирас		
	Арғын		
	Даһа		
	Сапраш		
	Ғұбар		

«Томирис» атауы қазақ, орыс, ағылшын және басқа да көптеген тілдерде осы нұсқада аударылған. Алайда, қазақ тілінде «Тұмар» деп берілуі осы күнге дейін тілдің өзгеру себебіне байланысты қазақ жеріне осы нұсқада жеткен. Себебі Тұмар Хайншайымы көне түркі тілінде сөйлегені бәрімізге мәлім. Ғасырлар, дәуірлер өткен сайын шынайы түпнұсқасы қалай болғанын зерттеу қиындыққа әкеледі. Иран тілінде

«Тахмарас», авест тілінде «Тахма-Райс» деп әр ұлтта өздерінің тілінде осы күнге жеткенге дейін нұсқалары қолданылатынына көзіміз жетіп отыр. [4] Осы мысалда «Спарғап» есімін алатын болсақ, орыс және ағылшын тілінде тек «Спарғап» ретінде алынған. Қазақ тілінде «Спарғапис» деп кейбір деректерде де кездеседі. Оның басты себебі грек тілінде «Spargarises», «Spergarpeithes», сақ тілінде

«Spargarisa» деген нұсқаларын мысал етіп қарасақ, көптеген ойларға келуге болады.


Кинофильмде онимдер қай нұсқада жиі қолданған атауларды пайдалануды жөн көрген.

Кесте-2

Онимдердің ағылшын тіліне аударылуы			
	Тірі заттардың атаулары	Жансыз заттардың атаулары	Кешенді объектілердің атаулары
	Tomiris	Saka people	Steppe
	Abu Nasr Al-Farabi	Massagetae	Caspian Sea

	Herodotus	Khwarezmian	Altai Mountains
	Cyrus	Raid	Akibat lands
	Spargap	Tigraxauda	White Sand valley
	Bopai	Savromat	Babylon
	Palak	Queen	Pierce
	Kavaz	Bactria	
	Kurtun	King	
	Kharasp	Akibats	
	Targytai	Heaven	
	Sardana		
	Tiras		
	Argun		
	Dahae		
	Saprash		
	Gubar		

«Томирис» көркем кинофильмінен мысал ретінде алынған онимдер қазақ тілінен ағылшын тіліне аударған процессінде транскрипция техникасы арқылы 35 атаулардың ішінен 11 рет пайдаланған, калька техникасы арқылы 11 оним аударылды және соңғысы транслитерация арқылы 13 онимдерге қолданылды.



1-диаграмма.

Диаграмма бойынша транслитерация әдісі – 30,80%, калька 30,80% және транскрипция – 36,40%-ын алатынын көріп отырмыз.

«Доместикация» немесе «форенизацияның» аудармада мәтін немесе екінші бір мәдениет өкілдерінің ерекшеліктерін есепке алмай жасалуы, аудармашылардың түрлі қателіктерге бой алдыруына әкеліп соғуы мүмкін.

Біздің байқауымызша алынған онимдер көп жағдайда транскрипция және транслитерация әдістері арқылы аударылғанын көре аламыз. Калька әдісі әр ұлт өздерінің түсінігіне қарап,

көрермендерге түсінікті аудармаларын алып көрсеткен. Яғни доместикация және форенизация стратегияларын пайдалану калька әдісі арқылы аударылған онимдер өзінің мазмұнын жоғалтпағанына көзіміз жетеді. Онимдерді аударған кезде ең бастысы аударма адекватты не адекватты емес аударма екеніне көңіл бөлу қажет. Себебі жалқы есімдер, адам аттары, географиялық жерлерді сәтсіз аудару көрермендерге тек түсініксіздік әкелуі мүмкін.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. М. Наука. -187 с.
2. Суперанская А. В. Общая теория имени собственного. - М., 1973.
3. [http://elib.rshu.ru/files\\_books/pdf/rid\\_030b403534fc4038bea18d842eacca0f.pdf](http://elib.rshu.ru/files_books/pdf/rid_030b403534fc4038bea18d842eacca0f.pdf)
4. <https://contentforall.xyz/m/1/92480/s>

ӘОЖ 811.111.373.45

### АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ДИМУНИТИВТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АУДАРУ

**Халбаева Н.Н.**

[nurzada\\_kh@mail.ru](mailto:nurzada_kh@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, филология факультеті, Аударма ісі-41 тобының студенті, Нұр-Сұлтан қаласы  
Ғылыми жетекші- ф.ғ.д., профессор С.Ж. Тажибаева

Кішірейткіштер бағалау үшін қолданылатын әрі концептуалды атрибутивтік категориялар тізімінің сапа бағытындағы өзіндік орнымен айрықшаланатын түрі. Тіл білімінде аталған категория түрі ретінде семантикалық компоненттер меңзеледі. Олар табиғи тілде әртүрлі құралдар арқылы жүзеге асатын, үлкен диапазонды қамтитын, сөз таптарына жататын жалпылама түрдегі компоненттер. Бізге айқын дерек көздеріне сенсек, концептуалды категориялар әлемдегі барлық, болмаса көптеген тілдерде еркін қолданысқа еңген әмбебап категориялар бейнесінде жүреді.

Кішірейту дегеніміз белгілі бір семантикалық құрылым түрінде кездескенімен көп жағдайда анық нақтыланбаған шекаралары бар семантикалық элементтер мағыналарының біріктірілген тобы. Оған сүйенсек, әртүрлі тілдерге негізделген өзіндік мағыналы құралдары болатындығы белгілі [Плунгян, 2003, 233б.]. Кішірейтудің басқа интерпретациялары шама категориясының бейнесіндегі бірегей болмысы ретінде де кездеседі [Шадеко, 1998, 3 б.].

Одан бөлек салыстырмалылық, сапа категориялары да аталып өтілуі тиіс [LES, 1990, s. 385]. Димунитивтерді келесідей жікке бөліп түсіндіреді. 1) жекелей димунитивтер – яғни, өзінің бастапқы мағынасын сақтау арқылы, белгілі бір дүниенің кішкентайлығын сипаттайды, ол өз кезегінде заттың көлемін, алыптығы немесе ұсақтығын көрсетеді; 2) еркелету бейнесінде (бірақ немқұрайлылық реңі бар) – метафоралық мағына; 3) «этикет» бейнесі (өтінім –

«кішірейткіш»). Кішірейткіш жұрнақтардың негізгі мағыналық ретінің қатарына айтырлықтай көп туынды сөздер кіреді – белгісіздік, септік және т.б. Т.В.Цивянный пікірінше, кішірейткіш сөйлеу, әсіресе қарым-қатынас жасау тілінің ерекше «коммуникативтік қызметі» бар деңгейіне тиесілі болады.

Ағылшын тіліне немесе тіларалық аудармаларды жасап, кішірейткіштерге аналог табу үшін сөз тіркестері қолданылады. Олар түрлі реңктерді бейнелеуге қауқарлы, және олардың ішінен ең бірінші болып аталу керегі ол – little - кішкентай:

dear little puppy – кішкентай жап-жақсы күшік;

quiet little street – кішкентай тып-тыныш көше [Carrol, 2000, 47 б.].